

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

30 мамыр 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0017 ic

«ТЕМІР ЗАТ» ЖШС

Талапкер

«BauProjekt» ЖШС

Талапкер

«MCI Group» ЖШС

Талапкер

қарсы

«АЛАЙҒЫР» БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 22 мамырдағы Талап арыз нысанына сәйкес Талапкер 2022 жылғы № 29 ХТО ісінде Халықаралық төрелік орталығының төрағасы Томас Кромвель мырза тағайындаған төрешілер құрамы қабылдаған 2024 жылғы 4 наурыздағы ХТО төрелік шешімінің VIII бөлігінде көрсетілген шараларды мойындау және орындау туралы бұйрық беру туралы арызбен Сотқа жүгінді (төрағалық етуші төреші - 2023 жылғы 8 маусымдағы хатпен тағайындалған доктор Ярослав Турлуковский, Талапкердің атынан төреші - 2023 жылғы 9 ақпандағы хатпен тағайындалған Арман Шайкенов мырза және Жауапкердің атынан төреші - 2023 жылғы 9 ақпандағы хатпен тағайындалған Дмитрий Братус мырза).

2. Төрелік шешімді оқып шығып, мен арыз негізді деген ойға келдім. Сондықтан қаулы етемін:

255. Қарсы талап бойынша төрешілер құрамы мынандай шешім қабылдады:

- 1) Жауапкердің Келісімшарт бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға қатысты орындалмаған жұмыстар үшін және орындалмаған құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін игерілмеген 2 976 865 619,88 теңге алғытөлемді Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге қойған талабы қанағаттандырылсын.
- 2) Жауапкердің Келісімшарт бойынша жеткізілмеген технологиялық жабдықтар үшін игерілмеген 1 155 880 320 теңге алғытөлемді Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабы қанағаттандырылсын.
- 3) Жауапкердің Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындауды кешіктіргені үшін 7 171 896 000 теңге өсімпұлды Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабын қанағаттандырудан бас тартылсын.
- 4) Жауапкердің Келісімшарттың Талапкердің кінәсінен бұзылғаны үшін 1 812 000 000 теңге айыппұлды Жауапкердің пайдасына Талапкерден бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабын қанағаттандырудан бас тартылсын.
- 5) Жауапкердің техникалық аудит жүргізуге арналған шығыстарды өтеу ретінде 16 414 353, 60 теңгені Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабы қанағаттандырылсын.
- 6) Жауапкердің құрылыс объектісін консервациялауға жұмсалған шығыстарды өтеу есебіне 39 200 000 теңгені Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап бойынша Талап қоюшыға талабы қанағаттандырылсын.
- 7) Жауапкердің Талапкер жіберген ақауларды түзетуге арналған шығыстарды өтеу есебіне 1 881 522 844 теңгені Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабы қанағаттандырылсын.
- 8) Жауапкердің Талап қоюшы жұмсаған электр энергиясына кеткен шығыстарды өтеу есебіне Талапкерден Жауапкердің пайдасына 1 631 219,13 теңгені бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабы қанағаттандырылсын.
- 9) Жауапкердің заң консультантын тартуға жұмсалған шығыстарды өтеу есебіне 96 141 024 теңгені Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап бойынша Талапкерге талабын қанағаттандырудан бас тартылсын.

10) Жауапкердің кепілдік міндеттемелерді қоса, қосалқы мердігерлік және жабдықтар жеткізу шарттары бойынша Жауапкердің құқықтарын (талаптарын) мойындау жөніндегі Қарсы талап бойынша Талапкерге талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкердің Іс бойынша төрешілердің гонорарын төлеуге арналған шығыстарды Талапкерден Жауапкердің пайдасына бірлесіп өндіріп алу жөніндегі Қарсы талап қою бойынша Талапкерге талабы ішінара қанағаттандырылсын, Талапкерлерден Жауапкердің пайдасына 15 103 576,72 теңге бірлесіп өндіріп алынсын.

3. Талапкерлерге оларға осы Бұйрық берілген сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.
4. Осы Бұйрық, қайсысы кейінірек орын алатынына қарай, (а) жоғарыда 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) Талапкердің осы мерзім ішінде берілген кез-келген арызы түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін орындалмайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО соты

Өкілдік:

Талапкерлер атынан өкілдік етілген жоқ.

Жауапкер атынан "Baker McKenzie Kazakhstan B. V." серіктесі Александр Коробейников мырза өкілдік етті, Алматы қ., Қазақстан.

